

Тылдық қамтамасыз ету түрлері бойынша нормаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 мамыр N 762. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңының 15-бабына, " Заңдық актілерді одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 64 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде материалдық-техникалық құралдарды негізді талап ету және пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) күші жойылды - 2006.11.27. N 1125 қаулысымен.
- 2) алынып тасталды - 2005.12.23. N 1281 қаулысымен.
- 3) күші жойылды - 2006.11.27. N 1125 қаулысымен.
- 4) күші жойылды - 2006.11.27. N 1125 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1281 қаулысымен.

2. "1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасын әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 наурыздағы N 219 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

18-тармақтың 1) тармақшасындағы екінші, үшінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерін заттай мүлікпен қамтамасыз ету нормалары;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің және Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің әскери қызметшілерін азық-түлікпен қамтамасыз ету нормалары;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің әскери бөлімдерін және мекемелерін мал дәрігерлік мүлікпен жабдықтау нормалары".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 19 мамырдағы
N 762 қаулысымен
Бекітілген

Ескерту. N 52 нормамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.07.23. N 788 қаулысымен .

N 52 Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде халықаралық міндеттемелерді орындайтын арнайы мақсаттағы бөлімшелер мен бөлімдердің әскери қызметшілерін заттай мүлікпен, арнайы киіммен, жылы заттармен, керек-жарақтармен, спорттық мүлікпен және төсек-орын жабдықтарымен қамтамасыз етудің нормасы

Р/с | | Есеп | Бір адамға | Кию | Осы затты
N | Заттардың атауы | бірлігі | заттардың | мерзімі | берген кезде
| | | саны | | қолданылатын
| | | | ескерту N

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6

1. Киім-кешек

- 1 Қара көк түсті берет дана 1 2 жыл
- 2 Бүркемелеу түстес далалық мақта-матадан тігілген фуражка дана 1 1 жыл
- 3 Бүркемелеу түстес мақта-матадан тігілген панама дана 1 2 жыл
- 4 Погондары бар бүркемелеу

- түстес мақта-матадан
тігілген далалық
жазғы костюм ж-қ 3 1 жыл
5 Погондары бар бүркемелеу
түстес мақта-матадан
тігілген жылы далалық
костюм ж-қ 1 2 жыл
6 Жүннен тоқылған свитер*** дана 1 2 жыл 1
7 Мақта-матадан тігілген
костюм ж-қ 1 1 жыл
8 Былғарыдан тігілген
офицерлік жабдық дана 1 4 жыл
9 Тоқыма баудан тігілген
белдікті белбеумен иық бау ж-қ 1 4 жыл
10 "ИК" белдікті белбеу дана 1 2 жыл 2
11 Шалбар белбеуі дана 1 2 жыл 2
-

2. Арнайы мүлік

- 12 Кевларлы дулыға** дана 1 4 жыл
13 Тізеқаптар** жұп 1 2 жыл 2,3
14 Шынтаққаптар** жұп 1 2 жыл 2,3
15 Қалқанымен титанды
дулыға** дана 1 4 жыл 4
16 Кевларлы броньды берен** дана 1 2 жыл
17 2 б/к түсірмелі берен** дана 1 2 жыл
18 Сыйымдылығы 115 л арқа
қоржыны** дана 1 2 жыл
19 Кариматы бар ұйықтайтын
қап** дана 1 4 жыл
20 Ұйықтайтын қапқа қосымша
жайма дана 2 1 жыл
21 Бандана (таңғыш) дана 1 1 жыл 5
22 Күннен-шаңнан қорғайтын
көзілдірік дана 1 2 жыл 5
23 Күннен қорғайтын
көзілдірік дана 1 1 жыл 5

- 24 Жүннен тігілген
бөрік-маска дана 1 2 жыл
- 25 Кевларлы дулығаның тысы** дана 2 2 жыл
- 26 Масахана дана 1 1 жыл
- 27 Бәдене шыбынға қарсы
шымылдық дана 1 1 жыл
- 28 Плащ-жамылғы*** дана 1 4 жыл
-

3. Аяқ киім

- 29 Ұзын қонышты бәтеңке жұп 2 1 жыл
- 30 Секіруге арналған бәтеңке жұп 1 2 жыл 6
- 31 Казармалық тапочка жұп 1 2 жыл
-

4. Іш киім

- 32 Бүркемелеу түстес майка дана 2 1 жыл
- 33 Армиялық трусылар дана 3 1 жыл
- 34 Бүркемелеу түстес футболка дана 2 1 жыл
- 35 Іштен киетін тоқыма
іш киім ж-т 3 2 жыл
- 36 Жылы іш киім ж-т 2 1 жыл 1
- 37 Мақта-матадан тігілген
носкилер жұп 12 2 жыл
- 38 Жүннен тоқылған носкилер жұп 3 1 жыл
- 39 Ақ жаға дана 12 1 жыл
- 40 Қол орамалдар дана 6 2 жыл
- 41 Түкті сүлгі дана 3 2 жыл
- 42 Вафельді сүлгі дана 5 2 жыл
- 43 Шарқат дана 1 2 жыл
- 44 Былғары қолғаптар жұп 1 2 жыл
- 45 Жүннен тоқылған қолғаптар жұп 1 1 жыл 1
-

5. Спорттық мүлік

-
- 46 Спорттық костюм ж-т 1 2 жыл
 - 47 Спорттық бейсболка дана 1 2 жыл
 - 48 Футболка немесе спорттық майка дана 2 2 жыл
 - 49 Шолақ шалбар дана 1 2 жыл
 - 50 Кроссовкалар жұп 1 1 жыл
 - 51 Сланцылар жұп 1 2 жыл
-

6. Төсек-орын жабдықтары

- 52 Жартылай жүннен жасалған көрпе** дана 1 4 жыл
 - 53 Мақта-матадан тігілген көрпе тысы** дана 2 1 жыл
 - 54 Мақта-матадан тігілген ақ жайма дана 4 1 жыл
 - 55 Мақта-матадан тігілген жастық тыстары дана 3 1 жыл
 - 56 Қауырсыннан жасалған жастық** дана 1 5 жыл
 - 57 Бір адамдық мақтадан жасалған матрац** дана 1 4 жыл
-

7. Мүкәммал мүлік

- 58 Құрастырылған бақыр** дана 1 4 жыл
 - 59 Бақырға арналған тыс дана 1 1 жыл
 - 60 Алюминді фляга** дана 1 4 жыл 7,8
 - 61 Флягаға арналған тыс дана 1 1 жыл 7,8
-

* Осы норма бойынша офицерлер, прапорщиктер, келісім-шарт бойынша және мерзімді қызметтің әскери қызметшілері қамтамасыз етіледі.

****** Осы мүлік бөлімшелер мен бөлімдердің мүкәммал мүлкі болып табылады және жеке құрамның тізімдік санына беріледі.

******* Міндеттерді орындау өңіріне байланысты түсін айқындау.

Ескерту:

1. Жүннен тоқылған свитер, жылы іш киім мен жүннен тоқылған қолғаптар суық климатты және суық климатты аудандарға теңестірілген аудандарда беріледі.

2. Мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне беріледі.

3. Тізеқаптар мен шынтаққаптар бөлімшелер мен бөлімдер жеке құрамының 50% әскери қызметшілеріне, ал инженерлік-саперлік бөлімшелер мен бөлімдер әскери қызметшілер жеке құрамының 100%-ына беріледі.

4. Қалқанымен титанды дулыға инженерлік-саперлік бөлімшелер мен бөлімдердің әскери қызметшілеріне беріледі.

5. Бандана (таңғыш), күннен-шаңнан қорғайтын және күннен қорғайтын көзілдіріктер ыстық климатты аудандарда беріледі, күннен қорғайтын көзілдіріктер тауларда және тұрақты қар басқан аудандарда берілісін.

6. Секіруге арналған бәтеңкелер парашютпен секіретін әскери қызметшілерге беріледі.

7. Алюминді фляга мен флягаға арналған тыс ыстық климатты аудандарда беріледі.

8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер комитетінде кевларлы дулығамен, қалқаны бар титанды дулығамен, кевларлы броньды беренмен, тізеқаптармен, шынтаққаптармен, кевларлы дулығаға тыспен қамтамасыз етуді инженерлік қызмет, ал құрастырылған бақырмен, бақырға арналған тыспен, алюминді флягамен және флягаға арналған тыспен қамтамасыз етуді азық-түлік қызметі жүзеге асырады.